

**Оқыту тілі**

Қазақ

**Жасалған күні**

17-04-2024

**Өтінім беру күні**

27-05-2024

**Өтінімнің номері**

073201-044-24

**Тізілімде тіркелеген күні**

19-07-2024

**Тіркеу номері**

073201-044-4093-24

**QR код****Өңір**

Қызылорда облысы

**ТЖКОББ ұйымы**

Арал индустриалды-техникалық колледжі КМҚК

**Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)**

"Арал құрылысы" ЖШС

**Білім деңгейі**

Техникалық және кәсіптік

**Даярлық бағыты**

073 Сәулет және құрылыс

**Даярлық мамандануы**

0732 Құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс

### **Мамандық коды және атауы**

07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану

### **Біліктілік(-тер) коды және атауы**

3W07320102 Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері, 3W07320104 Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері, 4S07320106 Техник-құрылысшы

### **ҰБШ бойынша деңгейі**

3, 4

### **Білім беру бағдарламасының мақсаты**

Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу, ұйымдастыру, басқару, реконструкциялау және жөндеу жұмыстарын жүзеге асыратын мамандарды даярлау.

### **Кәсіптік стандарт (бар болса)**

Ғимараттар мен құрылыстар салу жөніндегі жұмыстар. ҚР Индустрия және құрылыс министрінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 163 бұйрығына 8 қосымша., Ағаш шебері және ағаш ұстасы жұмыстары бойынша жұмысшылар. ҚР Индустрия және құрылыс министрінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 163 бұйрығына 12 қосымша., Ғимараттар мен имараттарды бөлшектеу және бұзу бойынша жұмысшылар. ҚР Индустрия және құрылыс министрінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 163 бұйрығына 5 қосымша., Ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу және бұзу. ҚР «Атамекен» ҰКП 28.07.2023 ж. № 122 бұйрығы., Едендер жабу және қабырғаларды қаптау бойынша жұмыстар. ҚР «Атамекен» ҰКП 28.07.2023 ж. № 122 бұйрығы., Құрылыс алаңындағы жер жұмыстары. ҚР «Атамекен» ҰКП 28.07.2023 ж. № 122 бұйрығы., Құрылыстағы геодезиялық жұмыстар. 01.09.2023 № 137 бұйрығымен бекітілген, Дәнекерлеу жұмыстары. ҚР Индустрия және құрылыс министрінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 163 бұйрығына 1 қосымша.

### **WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)**

Bricklaying - Кірпіш қалау, Joinery - Ағаш шебері ісі, Carpentry - Ағаш ұстасы ісі, Concrete Construction Work - Бетон жұмыстарының технологиялары, Floor Laying - Еденді төсеу

### **Оқыту нысаны**

Күндізгі

### **Білім базасы**

Негізгі орта

### **Кредиттердің жалпы көлемі**

240

### **Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні**

№3, 29 ақпан 2024 жыл.

## Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

№3/1 , 4 наурыз 2024 жыл.

### Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Дуальды оқыту

Тәсіл

Модульдік-құзыреттілік

Лицензия

14011044\_kz.pdf

### Құзыреттер тізімі

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
1	Қ 1.	Іскерлік қатынастарды ауызша және жазбаша түрде мемлекеттік, орыс және шет тілінде жүзеге асыру.
2	Қ 2.	Кәсіби салада қоғамдық-гуманитарлық білімді қолдану.
3	Қ 3.	Кәсіби салада жаратылыстану және математикалық білімді қолдану
4	Қ 4.	Өз денесін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір салтына назар аудару.
5	Қ 5.	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты сандық өңдеу әдістерін қолдану.
6	Қ 6.	Құқықтық жүйе мен экономика негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайларда азаматтық ұстанымды көрсету.
7	Қ 7.	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
8	Қ 8.	Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және нормативтік-техникалық актілер туралы білімді қолдану.
9	Қ 9.	Ағаш ұсталық және ағаш балта жұмыстарды орындау, құрастыру үдерісінде күрделілігі әртүрлі ағаш бөлшектер мен тораптарды өңдеу, ағаш құрылымдарын монтаждау және жөндеу.
10	Қ 10.	Паркет едендерін орнату үшін дайындық жұмыстарын жүргізу, паркет едендерін орнату бойынша жұмыстарды орындау, жөндеу, қалпына келтіру.
11	Қ 11.	Қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігін еңбекті және қоршаған

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
		ортаны сақтау.
12	Қ 12.	Қарапайым тас конструкцияларын қалау кезінде материалдарды дайындау, такелаждық жұмыстарды орындау, қарапайым қабырғаларды қалау, бұзу және ылғалоқшаулау, күрделілігі орташа қабырғаларды тас құрылымдарды қалау, жөндеу жұмыстарын орындау.
13	Қ 13.	Күрделілігі орташа арматуралық жұмыстарды орындау, шегенделген құрылымдарды дайындау және жинақтау кезінде дайындық жұмыстарын орындау, арматуралық торлар мен жазық қаңқаларды құрастыру және өру үшін қажетті арматураның саны мен түрін анықтау.
14	Қ 14.	Дәнекерлеу алдында дайындық және құрастыру операцияларын орындау және дәнекерлеуден кейін дәнекерлеу жіктерін тазалау, қолмен электр доғалы, газды, контактілі, электронды-сәулелі, лазерлік дәнекерлеуді орындау.
15	Қ 15.	Бетондау, бетонға күтім жасау және бетон қоспасын дайындау алдында дайындық жұмыстарын жүргізу, бетон және темірбетон құрылымдарын бөлшектеу, оларда тесіктер тесу темірбетон қадаларының бастарын кесу үшін қажетті жұмыстарды орындау.
16	Қ 16.	Нормативтік құжаттаманы жасау, құрастыру үшін қажетті жұмыстарды жүргізу, құрылысты және жұмысты жүргізуді ұйымдастыру.
17	Қ 17.	Ғимараттар мен құрылыстардың арналуы мен пайдалану мақсаттарына сәйкес құрылымдық элементтерін, жобаланған сызбаларын жасау, автоматтандырылған жобалау жүйесін қолдану, сәулет-құрылыс сызбаларын әзірлеу.
18	Қ 18.	Құрылыс материалдарымен бұйымдарын қолдану аясы мен негізгі қасиеттерін меңгеру және оларды қабылдау мен қоймаға сақтау ережелерін, шығынды үнемдеу бойынша қойылатын талаптарды меңгеру.

## Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
<b>Жалпы білім беру пәндері</b>							
1	ЖБП 1.	Әдеби қазақ тілінің	ОН 1.1. Әр түрлі типтегі және	4	96	Қ 1.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	Қазақ тілі	орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің ережелері; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу ережелері; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жасау кезінде стилистикасы.	жанрдағы, публицистикалық стильдегі мәтіндерді жазу. ОН 1.2. Тыңдалған, оқылған және аудиовизуалды материалдардың мазмұнын баяндау. ОН 1.3. Автордың позициясын және мәтіннің жасырын мағынасын, мақсатты аудиторияны, жанрларды анықтай отырып, мәтіннің негізгі және толық ақпаратын түсіну. ОН 1.4. Өз пікірін білдіре отырып, тыңдалған материалды ақпараттың сенімділігі, өзектілігі тұрғысынан бағалау. ОН 1.5. Мәселені шешудің өзіндік жолдарын ұсына және негіздей отырып, эссенің әртүрлі түрлерін жазу. ОН 1.6. Ақпаратты әртүрлі көздерден алу және синтездеу. ОН 1.7. Техникалық-технологиялық және оқу-ғылыми сала шеңберінде көпшілік алдында сөйлеу үшін кеңейтілген монолог құру.				
2	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы; шығармадағы автордың ұстанымы; көркем шығармалардың бейнелі табиғаты; шығармалардың ашық білдірілген және жасырын мағыналары; шығарманың тілдік ерекшеліктер, негізгі эпизодтар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен іс-әрекеттер; жазушы стилінің ерекшеліктері; шығарма жоспарының түрлері; шығарманы композициялық, стильдік бірлік, тілдік безендіру және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан бағалау; басқа өнер түрлерінің құралдарымен жасалған көркем мәтінді түсіндіру; әртүрлі жанрдағы шығармалардың идеялық-көркемдігі, әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерін талдау.	ОН 2.1. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіру. ОН 2.2. Авторлық позицияны білдіруге байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәтіннен өз бетінше тауып, мәнерлеп жатқа оқу. ОН 2.3. Шығарма мәтініне сілтеме жасап, тақырып пен бейнелер туралы өз пікірін білдіре отырып, проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру. ОН 2.4. Жанрды және оның белгілерін анықтау. ОН 2.5. Кейіпкерлер жүйесіндегі олардың рөлі мен маңыздылығын анықтай отырып, шығарманың кейіпкерлерін сипаттау. ОН 2.6. Поэтикалық синтаксистің бейнелері, бейнелеу құралдары мен фигураларын құрудың құралдары мен әдістерін талдау, олардың оқырманға әсерін түсіндіру.	4	96	Қ 1.	С
3	ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің қағидалары; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге	ОН 3.1. Тақырып бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтау. ОН 3.2. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну және талдау. ОН 3.3. Оқылған мәтін бойынша практикалық сұрақтарды тұжырымдау. ОН 3.4. Күрделі синтаксистік	4	96	Қ 1.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу қағидалары; әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құруы; әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы.	конструкцияларды олардың функционалды - стилистикалық қасиеттері тұрғысынан пайдалану, сөйлеу нормаларын сақтау. ОН 3.5. Әр түрлі көздерден алынған ақпаратты қорытындылау. ОН 3.6. Аралас типтегі мәтіндер жасау, шығармашылық жұмыстар жазу (эссе).				
4	ЖБП 4. Шетел тілі	Шет тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; әңгімелесулерде және жалпы оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша жазу кезінде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану; оқылғаннан (тыңдалғаннан, көргеннен) алынған ақпаратты салыстыру, талдау, синтездеу, түсіндіру тәсілдері; оқу мен аударманың түрлері; өмірбаяндық ғылыми-танымал, публицистикалық стильдердің мәтіндері; монологиялық және диалогтық сөйлеу; лексика мен грамматиканы қолдана отырып, мәтін деңгейінде жеке байланысты жазу, редакциялау және түзету әдістер.	ОН 4.1. Болашақ кәсіби қызметпен байланысты әртүрлі функционалды стильдердің, ғылыми - көпшілік, публицистикалық, өмірбаяндық шынайы мәтіндерін оқу және түсіну. ОН 4.2. Оқылған (тыңдалған, көрген) толық және қысқаша баяндауды орындау, оқиғаларды, фактілерді, құбылыстарды сипаттау. ОН 4.3. Ағылшын тілінен әр түрлі стильдегі мәтіндердің, соның ішінде болашақ кәсіби қызметпен байланысты мәтіндердің жазбаша аудармасын орындау. ОН 4.4. Сөйлеу этикетінің нормаларын сақтай отырып, ресми және бейресми қарым - қатынастың әртүрлі жағдайларында диалогтың барлық түрлерін жүргізу.	4	96	Қ 1.	С
5	ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Орталық Азия өркениеттерінің тарихы; Қазақстан аумағындағы этникалық және әлеуметтік процестер; қазіргі Қазақстан аумағында болған мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; қазақ халқының мәдениеті; әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуы.	ОН 5.1. Орталық Азия өркениеттерінің шығу тегі мен ерекшеліктерін, алуан түрлілігін, мәдени ортақтығын, материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктерін сипаттау. ОН 5.2. Қазақстан аумағындағы этногенезді, этникалық және әлеуметтік процестерді талдау. ОН 5.3. Қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің қалыптасуының тарихи кезеңдерін, тарихи - географиялық сипаттамаларын, қоғамдық - саяси даму ерекшеліктерін талдау. ОН 5.4. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, кеңес кезеңіндегі және ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениетін талдау. ОН 5.5. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесін және Қазақстанның қазіргі кездегі әлеуметтік - экономикалық дамуын сипаттау. ОН 5.6. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси - құқықтық процестер мен қоғамдық - саяси ойдың дамуын сипаттау. ОН 5.7. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасын және XVIII - XXI	3	72	Қ 2.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			ғасырлардағы білім беруді дамытуды талдау.				
6	ЖБП 6. Дүниежүзі тарихы	Әлемдік өркениеттердің жіктелуі мен тарихы; әлемдік этникалық және әлеуметтік процестер; мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; мәдениеттің дамуы; өркениеттердің даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; білім мен ғылымның дамуы.	ОН 6.1. Өркениеттердің түрлері мен ерекшеліктерін, мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерінің оң және теріс жақтарын сипаттау. ОН 6.2. Этникалық және әлеуметтік процестерді, олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын сипаттау. ОН 6.3. Империялардың, соғыстардың, революциялар мен шапқыншылықтардың себептері мен салдарын сипаттау. ОН 6.4. Адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтары мен мәдени мұрасының қалыптасу көздері мен маңыздылығын сипаттау. ОН 6.5. Экономикалық жүйелердің тарихи түрлерін, табиғи-географиялық фактордың мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін сипаттау. ОН 6.6. XX-XXI ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуын, әлемнің қазіргі саяси-құқықтық биполярлық жүйесін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау проблемасын сипаттау. ОН 6.7. Білім мен ғылымның дамуын және олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын сипаттау.	3	72	Қ 2.	С
7	ЖБП 7. Математика	Функцияның түрлері, қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу; дәрежелер мен түбірлер; дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік функцияның қасиеттері мен графиктері; иррационалдық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері; көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер; функцияның шегі мен үздіксіздігі; туындының физикалық және геометриялық мағынасы және оның қолданылуы; алғашқы образды және интегралдардың қасиеттері мен қолданылуы; математикалық статистика мен ықтималдық теориясының элементтері; стереометрия аксиомалары және олардың салдары; кеңістіктегі түзулер мен	ОН 7.1. Функция және оның қасиеттері, графиктері, тригонометриялық функциялар, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелерін техника - технологиялық бағыттағы есептерді шығару. ОН 7.2. Дәрежелік функцияның графикін құру, иррационал теңдеулер мен теңдеулер жүйесінің шешу алгоритмін меңгеру. ОН 7.3. Көрсеткіштік және логарифмдік функция қасиеттерін график бойынша сипаттау, көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешу. ОН 7.4. Функцияның нүктедегі және аралықтағы шегін анықтап, графикін салу, туындының қасиеттерін қолданып функциялардың туындысын табу. ОН 7.5. Ықтималдықтар теориясының теоремаларын түсіндіру, ықтималдық әдістерін, дискретті кездейсоқ шаманы қолдана отырып есептерді шығару. ОН 7.6. Стереометрия аксиомалары мен кеңістіктегі нүкте, түзу, жазықтыққа арналған теоремаларды	5	120	Қ 3.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		жазықтықтардың өзара орналасуы; координаттардың тікбұрышты жүйесі; кеңістіктегі вектордың координаттарын есептеу; көпжақтардың түсінігі мен қолданылуы; айналу денелері және олардың элементтері; денелердің көлемі.	түсіну, екі нүкте арасындағы қашықтықты, кесіндінің ортасын есептеуді орындау. ОН 7.7. Көпжақтар мен айналу денелері элементтері ұғымын игеру, бүйір беті мен толық бетінің аудандарын есептеу, стереометриялық есептерді шығару.				
8	ЖБП 8. Информатика	Компьютерлік жабдықты пайдалану кезіндегі эргономика мен қауіпсіздігі; мобильді құрылғылардың аппараттық қамтамасыз ету, сипаттамасы мен анықтамалары; виртуалды машиналардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; санау жүйелері мен логикалық операциялары; ақпараттық процестер мен жүйелер; ақпараттық объектілерді құру мен түрлендіру; қосымшалардың әзірлеуі; компьютерлік желілері және ақпараттық қауіпсіздігі.	ОН 8.1. Әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсерінен қорғау әдістері, пайдаланушының қауіпсіздігі және антивирустық бағдарламалық құралды пайдалану. ОН 8.2. Орталық өңдеу блогының бөліктерінің функциялары мен жұмыс істеу принципі, виртуалды жадтың қолданылуын түсіндіру. ОН 8.3. Сандарды бір санау жүйесінен екінші санау жүйесіне ауыстыру, логикалық амалдар, схемалар мен өрнектерді, ақиқат кестесін құра отырып, ақпаратты кодтау және декодтау. ОН 8.4. Мәліметтер қорының негізгі ұғымдары, бір кестелі, көп кестелі мәліметтер қорын жасау және есептер шығару. ОН 8.5. Жасанды интеллект саласында машиналық оқыту және блокчейн технологиясын қолданылуы мен жұмыс істеу принципін түсіндіру. ОН 8.6. Қазақстандағы цифрландырудың ағымдағы үрдістері мен қызметтерді пайдалану. ОН 8.7. Веб сайттарды жасай отырып, мобильді қосымшалар арқылы айтистартап платформасының жұмыс істеу принциптерін меңгеру.	3	72	Қ 5.	С
9	ЖБП 9. Физика	Кинематика және динамика негіздері; статика және гидростатика негіздері; импульс пен энергияның сақталу заңдары; жылу физикасы; газ заңдары; термодинамика негіздері; сұйық және қатты денелер туралы ұғымдар; электростатика; электр тогы; электромагниттік индукция; механикалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері; толқындық және геометриялық оптика; атомдық және кванттық физикасы; атом ядросының физикасы; космология негіздері.	ОН 9.1. Механикалық қозғалыс заңдарын білу және табиғатта, техникада механикалық қозғалысты сипаттау және түсіндіру. ОН 9.2. Молекула - кинетикалық теориясына сүйене отырып зат құрылысын, газ заңдарын, термодинамика негіздерін түсіну және қолдану. ОН 9.3. Біртекті және біртекті емес электростатикалық өрістердегі құбылыстарды сипаттай білу және гравитациялық өрісті сипаттаушы шамалармен сәйкестендіру, Ом заңын біртекті және біртекті емес, тұйық тізбекте қолдану. ОН 9.4. Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастықтарды ажырату, электромагниттік толқынның таралу механизмімен түсіндіру.	4	96	Қ 3.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			<p>ОН 9.5. Геометриялық оптика заңдарын түсіндіру, жарықтың толқындық қасиетін сипаттау.</p> <p>ОН 9.6. Жарық көздерін топтастыра білу, Стефан - Больцман, Вин және Планк формуласын абсолют қара дененің жарықталынуын сипаттау, Эйнштейн теңдеуі мен фотоэффект заңдарын есептер шығаруда қолдану.</p> <p>ОН 9.7. Нанотехнологияның негізгі жетістіктерін түсіну, жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын сипаттау.</p>				
10	ЖБП 10. Химия	Атомның құрамы мен құрылысы; атомдардағы электрондардың таралуы мен қозғалысы; химиялық байланыстың түрлері; химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық кестесі; заттар массасының сақталу заңы; тотығу-тотықсыздану реакциялары; химиялық реакциялардың жылдамдығы; химиялық тепе-теңдігі; аса маңызды р-элементтері және олардың қосылыстары; металдар мен олардың қорытпалары; биохимия негіздері.	<p>ОН 10.1. Атом құрылысының қазіргі теориясы, радиоактивтілік табиғаты және ядролық реакциялардың пайда болуы шарттарын анықтау.</p> <p>ОН 10.2. Периодтық жүйені меңгеру.</p> <p>ОН 10.3. Химиялық, коваленттік, иондық, металдық, сутектік байланыстарының түзілуі және заттардың кристалдық торларын ажырату.</p> <p>ОН 10.4. Химиялық негізгі стехиометриялық заңдары, тотығу және тотықсыздану процестері және металдардың химиялық белсенділігін, электролиз процесін меңгеру.</p> <p>ОН 10.5. Ішкі энергия мен энтальпияның өзгеруі жылулық әсер екенін түсіндіру, химиялық реакциялардағы тепе -теңдік және қышқылдар мен негіздердің теорияларын білу.</p> <p>ОН 10.6. Көмірсулар, аминдер, белок, ферменттер және қышқылдардың құрылымын білу.</p>	4	96	Қ 3.	С
11	ЖБП 11. Биология	Молекулалық биология және биохимия негіздері; жасуша биологиясының негіздері; тірі организмдердің алуан түрлілігі, құрылымы мен қызметі; тірі организмдердің көбеюі, тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі, эволюциялық даму; селекция негіздері; биомедицина, биоинформатика, биотехнология негіздері; биосфера, экожүйе, популяция; экология және адамның қоршаған ортаға әсері.	<p>ОН 11.1. Бейорганикалық және органикалық заттар, су ресурстарын бағалау мен майлардың қызметтерін сипаттау және мембрананың жартылай өткізгіштігін зерттеу.</p> <p>ОН 11.2. Фотосинтез және ферменттердің ерекшеліктерін және хлоропласт функцияларын талдап заттарды тасымалдауды жүйелеу.</p> <p>ОН 11.3. Аденозинтрифосфаттың (АТФ) мәні жасушалық тыныс алу механизмі мен адамның қанын тазарту процесіндегі бүйрек қызметін анықтау.</p> <p>ОН 11.4. Тірі организмдердің көбеюі мен дамуы және онкологиялық аурулардың пайда болуына қоршаған ортаның әсерін білу.</p> <p>ОН 11.5. Тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтары және мутация салдарын талдау.</p> <p>ОН 11.6. Эволюция механизмі, селекция тәсілдері және антропогенез кезеңдерін зерттеу және тірі ағзалардың құрылымын</p>	3	72	Қ 3.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			талдау. ОН 11.7. Адам өміріндегі биомедицина, биоинформатика, биотехнология, биосфераның рөлі және экологияның қоршаған ортаға әсерін талдау.				
12	ЖБП 12. География	Географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика негіздері; табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері; геоэкономика негіздері; геосаясат негіздері; елтану; адамзаттың жаһандық проблемалар.	ОН 12.1. Зерттеудің жалпы географиялық және өзекті географиялық әдістерін меңгеру. ОН 12.2. Геоақпараттық жүйелердің заманауи картографиялық әдістері мен технологияларын қолдану. ОН 12.3. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасын түсіну және өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау. ОН 12.4. Қазақстан өңірлерінің аумақтық факторларын, геоэкономикалық жай - күйі мен әлеуетін сипаттау. ОН 12.5. Қазақстанның геосаяси жағдайы мен қауіпсіздігін талдау. ОН 12.6. Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және бәсекеге қабілетті көрсеткіштер бойынша әлем елдерін салыстыру. ОН 12.7. Адамзаттың ғаламдық мәселелерін және олардың Қазақстан аумағындағы көріністерін сипаттау.	3	72	Қ 3.	С
13	ЖБП 13. Графика және жобалау	Ақпаратты визуализациялаудың графикалық әдістері мен құралдары; кескіндердің негізгі түрлері және оларды орындау; кескіндерді түрлендіру; пішін қалыптастыру және құрылымдау; нәрсенің пішінін түрлендіру; техникалық, сәулет - құрылыс және ақпараттық графика элементтері; жобалау және жобалау графикасы; шығармашылық тапсырмалар.	ОН 13.1. Бейнелеудің рөлі, компьютерлік графика құралдарын орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру. ОН 13.2. Проекциялау әдістерімен таныстыру және 3D, 2D моделін орындау. ОН 13.3. Проекциялау масштабын өзгерте отырып заттардың сызбаларын орындау. ОН 13.4. Геометриялық денелердің пішімдерін, сипаттамаларын және құрылымдау кезеңдерінің стандарттарын меңгеру. ОН 13.5. Жобалау әдістерін және техникалық құжаттаманы меңгеру.	3	72	Қ 3., Қ 5.	С
14	ЖБП 14. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары; тактикалық дайындық; атыс дайындығы; саптық дайындық; әскери топография; әскери роботты техникалардың негіздері; өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері; әскери қызметтің құқықтық негіздері; атыс	ОН 14.1. Бастапқы әскери және технологиялық даярлық заңнамаларын меңгеру. ОН 14.2. Қазақстан Республикасы қорғанысының конституциялық негіздері және жарғыларын меңгеру, әскери - техникалық және әскери құрылымдарының мамандарын даярлауды қалыптастыру. ОН 14.3. Жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастырып жауды жеңудегі теория мен тәжірибені меңгеру. ОН 14.4. Атыс және саптық дайындығындағы тактикаларды, механизмдерді қауіпсіздік шараларын сақтай отырып меңгеру. ОН 14.5. Жерге бағдарлау әдістері	4	96	Қ 4., Қ 6.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		дайындығы; технологиялық дайындық; өмір қауіпсіздігі негіздері; оқу- далалық жиындар.	және роботты техниканың функционалдық мүмкіндіктері туралы біл ОН 14.6. Табиғи апаттар мен зардапқа әкелетін қару түрлері, эвакуациялау ережелері, террористтік және жау шабуылын алдын алу шараларын білу. ОН 14.7. Әскери қызметтің заңнамасы мен актілерін, жолда жүру ережелерін және қауіпсіз өмір сүрудің негіздерін меңгеру,				
15	ЖБП 15. Дене тәрбиесі	Дене тәрбиесі туралы білім; жеңіл атлетика; спорттық ойындар. Футбол; спорттық ойындар. Волейбол; спорттық ойындар. Баскетбол; спорттық ойындар. Үстел теннисі; гимнастика; ұлттық спорт түрлері; қысқы спорт түрлері; жүзу; туризм.	ОН 15.1. Дене тәрбиесі пәнінде қауіпсіздік техникасын және салауатты өмір салтын ұстану, рекреациялық және оңалту құралдары туралы білу. ОН 15.2. Дене тәрбиесі пәнінде жеңіл атлетиканың қауіпсіздігі және оның түрлерін меңгеру. ОН 15.3. Футбол спорт түрлері бойынша ойын ережелерін түсіну, оның техникалық және тактикалық дайындығын меңгеру, ойында төрелік ете білу. ОН 15.4. Волейбол, баскетбол спорттық ойындарындағы қауіпсіздік қағидаларын түсіндіру, ойын ережелерін білу. ОН 15.5. Үстел теннисі мен гимнастика жаттығуларына техникалық және тактикалық дайындықты меңгеру. ОН 15.6. Ұлттық және қысқы спорт түрлері бойынша қауіпсіздік техникасы мен ойын ережесін түсіндіру. ОН 15.7. Жүзушілерге арналған арнайы жаттығулар, туризм және оның ережелері, фитнес технологиясын меңгеру.	5	120	Қ 4.	С
16	ЖБП 16. Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттер ұғымы мен қолданылуы; қаржылық сауаттылығы; өзара қарым-қатынас мәдениеті; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері; еңбекті бағалаудың әдістері мен нысандары; IT-жүйелермен жұмысы; жобалық менеджмент.	ОН 16.1. Жаһандық құзыреттер және олардың жеке тұлғаны дамыту үшін маңызын түсіну. ОН 16.2. Қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеру. ОН 16.3. Жанжалдарды шешу дағдыларын меңгеру. ОН 16.4. Мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру. ОН 16.5. Кәсіби қызметте жобалық менеджмент дағдыларын қолдану.	1	24	Қ 5., Қ 6., Қ 7., Қ 8.	С
<b>Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)</b>							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Дене шынықтырудың әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; салауатты өмір салты негіздері.	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаларын сақтау. ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	12	288	Қ 4.	С
2	ЖММ 2. Ақпараттық -	Ақпаратты жинаудың, өңдеудің, ұсынудың және берудің қазіргі заманғы	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	2	48	Қ 5.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	технологияларының негіздері; ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану негіздері; қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.				
3	ЖММ 3. Экономика базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	Қазіргі заманғы экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика қағидаттары; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары, факторлары мен шарттары; Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі заманғы ұйымдық-құқықтық нысандары; бизнестің ұйымдастырушылық және қаржылық негіздері.	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. ОН 3.3. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	4	96	Қ 6.	Е
4	ЖММ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмыс істеуі.	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық –адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну. ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	4	96	Қ 7.	Е
<b>Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)</b>							
1	КМ 1. Ағаш ұсталық жұмыстарды орындау	Еңбекті қорғау және өртке қарсы шаралары; араланған материалдар мен дайындамаларды өлшеу, есептеу және таңбалау; құрылысқа арналған фрезерленген ағаш бөлшектер; балташы мен ағаш ұстасының жұмыс орны; механикаландырылған әдіспен аралау; электр арасымен жұмыс істеу кезіндегі ережелер; ағаш өңдеуге арналған білдектер; желімделген құрылымдарды дайындау; желімделетін құрылымдарды дайындаудың технологиялық үдерісі; ағашты әрлеу түрлері; бөлшек пен бұйымдар бетін лақ-сыр материалдарымен әрлеу; әрлеу жұмыстарын механикаландыру тәсілдері.	ОН 1.1. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес дайындық жұмыстарын орындау және жұмыс орнын ұйымдастыру. ОН 1.2. Қарапайым ағаш тартқыштармен ағаш бұйымдарын дайындау. ОН 1.3. Ағаш бұйымдарының бетін бұйымның сыртқы түрін талаптарға сәйкес әрлеуге дайындау.	18	432	Қ 8., Қ 9.	Е
2	КМ 2. Ағаш балта жұмыстарын орындау	Ағаштардың және мінбелердің құрылысы; зауытта жасалынған құрамалы ағаш үйлердің	ОН 2.1. Ағаш балта жұмыстарын орындауға дайындық жүргізу. ОН 2.2. Әр түрлі мақсаттарға арналған ағаш элементтерінің	18	432	Қ 8., Қ 9.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		монтажы; қаңқалы үйлердің монтажи; аражабындарды монтаждау; шатырлардың монтажи; қабырғалардың қаптауы; тақтайлы едендерін төсеу; ағаштарды шіруден қорғау; ағаш құрылымдарын жөндеудің себептері; терезе қораптарын әзірлеу; әйнектеу жұмыстарының мақсаты мен түрлері; әйнектеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; крандар сипаттамасы.	белгіленген нормасына және сапаға қойылатын талаптарға сәйкес орындау. ОН 2.3. Құрастыру және жинақтау жұмыстарын конструкторлық құжаттамаға сәйкес орындау. ОН 2.4. Жобалық ережеге сәйкес төсемдерді, мінбелерді, қалыптарды орналастыру бойынша жұмыстарды орындау. ОН 2.5. Ағаштан жасалған құрылымдарды жөндеу.				
3	КМ 3. Паркет едендерді орнату бойынша жұмыстарды орындау	Паркет едендерінің құрылымдық шешімдері; паркетті едендерді орындау технологиясы; паркет едендерін орналастыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; ламинаттан жасалған едендердің қолдану саласы және құрылымдық шешімдері; ламинаттан едендерді орындау технологиясы; тақтай едендерді орындау технологиясы; құйылмалы еденнің құрылғысы; құрастырма еденнің құрылғысы; ерітінді, желім және мастиканы қолдану арқылы жүргізілетін еден жұмыстары.	ОН 3.1. Паркет едендерін орнату үшін дайындық жұмыстарын жүргізу. ОН 3.2. Ағаш материалы негізінде жасалған тақтайлардан және индустриалдық материалдардан техникалық құжаттамаға сәйкес едендер орнату. ОН 3.3. Техникалық құжаттамаға сәйкес қалқанды және даналы паркеттен паркет едендерін орнату.	13	312	Қ 8., Қ 10.	Е
4	КМ 4. Қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігін еңбекті және қоршаған ортаны сақтау	Модуль мазмұнын зерделеу нәтижесінде білім алушылар: еңбек қорғаудың заңдылықтары; өндірістік жарақаттану мен кәсіби науқастану; жеке қорғаныс құралдарының классификациясы; жер қазу жұмыстары; бетон және темірбетон жұмыстары; таспен қалау; әрлеу жұмыстары; шатыр жұмыстары.	ОН 4.1. Құрылыс алаңындағы жеке қорғаныс құралдарын қолдану. ОН 4.2. Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін жұмыс орнын дайындау. ОН 4.3. Өндірістегі жазатайым оқиға кезінде зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету.	3	72	Қ 8., Қ 11.	Е
5	КМ 5. Күрделілігі орташа қабырғаларды ұсақ кірпіштен және ұсақ блоктардан қалау	Қарапайым тас құрылымдарын қалау кезінде материалдар; такелаждық жұмыстар; қарапайым қабырғаларды қалау, бұзу және ылғалоқшаулау жұмыстары; тас құрылымдарының элементтерін орнату; күрделілігі орташа қабырғаларды, тас құрылымдарды қалау; күрделілігі орташа қабырғаларды, тас құрылымдарды жөндеу жұмыстары.	ОН 5.1. Экологиялық сәулет және нормативтік талаптарға сәйкес қарапайым тас құрылымдарын қалау кезінде материалдарды дайындау, такелаждық жұмыстарды орындау. ОН 5.2. Қарапайым қабырғаларды қалау, бұзу және ылғалоқшаулау жұмыстарын орындау. ОН 5.3. Тас құрылымдарының элементтерін орнату. ОН 5.4. Күрделілігі орташа қабырғаларды, тас құрылымдарды қалауды орындау. ОН 5.5. Экологиялық сәулет және нормативтік талаптарға сәйкес күрделілігі орташа қабырғаларды, тас құрылымдарды жөндеуді	17	408	Қ 8., Қ 12.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			орындау.				
6	КМ 6. Күрделілігі орташа арматуралық жұмыстарды орындау	Шегенделген құрылымдарды дайындау және жинақтау кезінде дайындық жұмыстары; арматура жұмыстары арналуы, ғимарат дәрежесіне қолданылатын материалдарға және құрал-саймандарға байланысты жіктелуі; арматуралық торлар мен жазық қаңқаларды құрастыру және өру үшін қажетті арматураның саны мен түрі.	ОН 6.1. Шегенделген құрылымдарды дайындау және жинақтау кезінде дайындық жұмыстарын орындау. ОН 6.2. Ғимарат дәрежесіне қолданылатын материалдармен құрал-саймандардың жіктелуін меңгеру. ОН 6.3. Арматуралық торлар мен жазық қаңқаларды құрастыру және өру үшін қажетті арматураның саны мен түрін анықтау.	10	240	Қ 8., Қ 13.	Е
7	КМ 7. Газ - электрмен дәнекерлеу жұмыстарын орындау	Дәнекерлеу алдында дайындық және құрастыру операцияларын орындау және дәнекерлеуден кейін дәнекерлеу жіктерін тазалау үшін қажетті дағдылар мен білімдер; қолмен электр доғалы, газды, контактілі, электронды - сәулелі, лазерлік дәнекерлеуді орындау.	ОН 7.1. Дәнекерлеу алдында дайындық және құрастыру операцияларын орындау және дәнекерлеуден кейін дәнекерлеу жіктерін тазалау. ОН 7.2. Қолмен электр доғалы, газды, контактілі, электронды-сәулелі, лазерлік дәнекерлеуді орындау.	8	192	Қ 8., Қ 14.	Е
8	КМ 8. Бетондау кезінде қарапайым жұмыстар кешенін орындау	Бетон үшін материалдар; тез қатаятын портландцемент; бетон қоспалары; бетонның құрылымын жасау; бетон құрамын анықтау; оңтайлы температурада қатаю барысында құрастырылып салынған бетонның күтімі; қыс мезгілі жағдайында бетон жұмыстарын жүргізу; монолитті бетон және темірбетонды құрылымдардың сапасын бақылау; туындаған ақауларды жою; коррозиялық ортада жұмыс істейтін құрылымдарды жөндеу; бетон қоспаларын даярлау; бетон қоспаларын тасымалдау; бетон қоспаларын тасу барысындағы бірқатар технологиялық кемшіліктер; бетон қоспасын беру және қалау; бетон жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік ережелері.	ОН 8.1. Бетондау, бетонға күтім жасау және бетон қоспасын дайындау алдында дайындық жұмыстарын жүргізу. ОН 8.2. Бетон және темірбетон құрылымдарын бөлшектеу, оларда тесіктер тесу темірбетон қадаларының бастарын кесу. ОН 8.3. Бетон қоспасын көлденең жазықтықтарға төсеу.	12	288	Қ 8., Қ 15.	Е
9	КМ 9. Ғимарат салу жөніндегі өндіріс жұмыстарына жасалатын техникалық құжаттамаларды меңгеру	Жобалау-сметалық құжаттама; құрылысты ұйымдастыру жобасы; жұмыс өндірісінің жобасы; технологиялық және еңбек үдерістерінің картасы; құрылыс нормалары мен ережелері; өндірістік-техникалық құжаттамалар; құрылыс өндірісін басқаруды ұйымдастыру; құрылыстағы дайындық жұмыстарының кезеңдері; құрылыс алаңдарын инженерлік	ОН 9.1. Нормативтік құжаттаманы жасалу жолдарын меңгерту. ОН 9.2. Құрылысты және жұмысты жүргізуді ұйымдастыру.	3	72	Қ 8., Қ 16.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		дайындау жұмыстары; уақытша салынатын үй-жайлар, механикаландырылған қондырғылар және басқа да құрылыстар; бұйымдар мен материалдарға төлқұжат және куәлік беру; құрылымдар мен бұйымдарды қабылдау; материалдарды қатарлап жинау; ғимарат салу кезінде жұмыс жүргізуді ұйымдастыру; жұмыс жүргізу әдістері; бригадалық еңбекті ұйымдастыру жұмысы.					
10	КМ 10. Ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға қатысу	Құрылыс құрылымдарын, негіздері және іргеастарды жобалау мен есептеу негіздері; құрылыс құрылымдары мен негіздері жобалауға қажетті шекті жағдайларына есептеу; құрылыс құрылымдарын есептеу кезінде жүктемелерді анықтау, металл, ағаш, тас және армотасты, темірбетон құрылымдары; жалпы мағлұматтар, материалдар, есептеу және құрастыру, құрылыс құрылымдарын жобалаудың жалпы принциптері; негіздер мен іргетастар; негіздерді шекті жағдайларға есептеу негіздері; табиғи негіздердегі тайыз орналасқан іргетастарды жобалау; қада тәрізді іргетастарды жобалау түсініктері, жасанды негіздер.	ОН 10.1. Құрылымдар мен материалдар таңдау кезінде ең оңтайлы шешімдерді таңдау. ОН 10.2. Ғимараттар мен құрылыстардың арнаулы мен пайдалану мақсаттарына сәйкес құрылымдық элементтерінің түйіндері мен бөлшектерін әзірлеу. ОН 10.3. Құрылыс құрылымдарын есептеу мен құрылымдауды орындау. ОН 10.4. Автоматтандырылған жобалау құралдарын пайдалана отырып, сәулет-құрылыс сызбаларын әзірлеу. ОН 10.5. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жұмыстар өндіру жобасын әзірлеуге қатысу.	12	288	Қ 8., Қ 17.	E
11	КМ 11. Құрылыс нысандарын салу, пайдалану және қайта құру кезіндегі технологиялық процестерді орындау	Ғимараттар аумағындағы жабдықтарының және жұмыс аймағының жұмысы; ғимараттарға арналған құрылымдық элементтерді (бұйымдар, тораптар, бөлшектер) құрастыру; жеке қорғаныс құралдары, өрт сөндіру жабдықтары; құрылыстардың ерекшеліктері; қайта құру кезіндегі технологиялық процестер.	ОН 11.1. Құрылыс алаңындағы дайындық жұмыстарын орындау. ОН 11.2. Құрылыс нысандарын қайта тұрғызу, жөндеу жүргізу және құрылыс-жинақтау жұмыстарын орындау. ОН 11.3. Орындалатын жұмыстар көлемінің және материалдық ресурстар шығындарының жедел есебін жүргізу. ОН 11.4. Орындалатын жұмыстар мен жұмсалатын материалдардың сапасын бақылау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. ОН 11.5. Қолда бар ресурстарға, бригадалардың, звенолардың мамандануы мен біліктілігіне сәйкес өндірістік тапсырмалардың түрлері мен күрделілігін анықтау.	11	264	Қ 8., Қ 17.	E
12	КМ 12. Құрылыс - жинақтау жұмыстарын орындау, ғимараттар	Бұл модуль жұмыс тиімділігін, дағдылары мен білімін, қорғаныс құрылыс ортасында құрылыс-жинақтау өндірісі; құрылымдарының түрлерін; технологиясын, ақаулардың	ОН 12.1. Құрылымдық бөлімшелердің қызметін жедел жоспарлау. ОН 12.2. Өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын	10	240	Қ 8., Қ 17.	E

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	мен құрылыстарды пайдалану және қайта құру кезіндегі құрылымдық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру	түрлерін және оларды қорғау, жою тәсілдері; жұмыстардың сапалы орындалуын бақылауды жүргізе білу; бақылауды жүзеге асыра білуі және технологиялық үдерістерге сәйкес операциялар.	қамтамасыз ету. ОН 12.3. Құрылыс жұмыстарының орындалатын түрлері бойынша ағымдағы және атқарушылық құжаттардың жүргізілуін қамтамасыз ету. ОН 12.4. Құрылымдық бөлімшелердің қызметін бақылау және бағалау. ОН 12.5. Құрылыс жұмыстарын жүргізу учаскесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың тізбесін айқындау.				
13	КМ 13. Құрылыс нысандарын пайдалану және қайта құру кезіндегі жұмыс түрлерін ұйымдастыру	Жұмыс орнын және жеке қорғаныс құралдарын дайындау; материалға байланысты құрылыстарды дұрыс әдісін таңдау; құрылысқа арналған материалдарды дайындау.	ОН 13.1. Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастыру. ОН 13.2. Ғимараттардың құрылымдары мен инженерлік жабдықтарын техникалық пайдалану жөніндегі іс-шараларды орындау. ОН 13.3. Ғимараттардың құрылымдық элементтерінің ішкі және сыртқы беттерін әрлеуін диагностикалауға қатысу.	6	144	Қ 8., Қ 18.	Е
14	КМ 14. Құрылыс өндірісін құрылыс және қосалқы материалдармен, жабдықтармен қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты жинау және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру	Сызбаларды оқиды және оларды автоматтандыру үдерісінде қолданады; құрылым мен олардың қасиеттерін мақсатқа сай қолдануға байланысты таңдау; жұмыс аймағын және жеке қорғаныс құралдарын дайындайды; кесілген металдың негізгі топтарын, сорттарын және олардың қасиеттерін анықтайды; материалға байланысты дұрыс кесу әдісін таңдайды; жұмыс орнындағы жабдықтың жұмысы.	ОН 14.1. Құрылыс және қосалқы материалдар мен жабдықтар қажеттілігінің жиынтық спецификациясын және кестелерін жасау. ОН 14.2. Жеткізушілерге немесе өндірушілерге байланыстырып құрылыс және қосалқы материалдар мен жабдықтар бойынша деректер базасын қалыптастыру. ОН 14.3. Қосалқы материалдар мен жабдықтарды қабылдау және сақтау. ОН 14.4. Өндірістік тапсырмалар көлемінің және жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспарлары талаптарға сәйкестігін бағалау.	10	240	Қ 8., Қ 18.	Е
Аралық аттестаттау				7	168		
Қорытынды аттестаттау				3	72		
Өзіндік жұмыс					0		
Факультативті сабақтар				20	480		
Консультациялар				16	384		

## Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

Арал индустриалды-техникалық колледжі КМҚК техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 07320100 Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану(коды,

атауы), біліктілік (тер) 3W07320102 Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері, 3W07320104 Кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері, 4S07320106 Техник-құрылысшы (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Айназаров Рахим Утемуратович

Орындаушы: Кыркабакова Жанна Кожагелдиевна

Ұялы телефон: 87025679274

Электрондық пошта мекенжайы: [kirkabakova79@mail.ru](mailto:kirkabakova79@mail.ru)